

ӘОЖ 930

**ҒАЖАЙЫП СЫРЛАР ТАРИХЫНДАҒЫ ӘЛЕМДІК АРХЕОЛОГИЯ
(ФАРАБИТАНУШЫ-ҒАЛЫМ ӘЛ-МАШАНИ МҰРАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

Иманғалиев Алмас Темірбекұлы

imangaliev_historian@mail.ru

ҚР МСМ Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының ғылыми қызметкері,

ЕҰУ-нің докторанты

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор Дүкенбаева З.О.

«Әл-Фарабидің ұзақ ғұмырындағы іздегені – өмірдің шындығы, мәңгілік рухтың сыры. Шындық іздеген адам адаспайды, азбайды. Сол себептен мен талапты жастарға Әл-Фараби бабадан шындық іздеу әдісін үйрен дер едім. Тегінде адам өмірінің мазмұны сол шындықта. Шындық жоқ жерде тұрақтылық, әділет, уағда, инабат, махаббат, қанағат, рахымдық, ар-ұят мензелдес адамгершілік категориялары жоқтың қасы», - деп фарабитанушы-ғалым Ақжан Хазіреттің 1994 жылы «Зерде» ғылыми-көпшілік журналының №5 нөмірінде «Шындық іздеген заман жетті» атты сұхбатында Әл-Фараби бабасының мұралары арқылы өмір дүниесінің шындық көзі турасында ғибратты да ғақлия сөздерге толы ойларымен бөлісті [1, 2 б.]. Осы ойды әрі қарай тарқататын болсақ, Ақжан Әл-Машани «Табу» атты ғылыми еңбегінде дүниенің шындығы туралы былайша өрнектейді: «...Соның бірінде жаңылысып, адасып, шатасып кетпес үшін арқа сүйейтін екі нәрсе бар. Оның бірі аят пен хадис, екіншісі қазіргі дәлді табиғат ғылымдары. Осы екеуінің айтқаны дәл бір жерден шықса, сонда шындық деп білеміз. Айтылған екеуінің үстіне қосымша тағы бір нәрсе бар, ол көне замандардан қалған мәдени мұра, таңбалы тастар. Осы үшеуінің айтқаны бір жерден шығатын болса, сонан айырылмаңыз» [2, 173 б.]. Осы ретте, ғұлама ғалым Ақжан Жақсыбекұлының қаламынан туындаған еңбектеріндегі ғажайып сыр тарихынан сыр шертетін әлемдік археология ғылымындағы ежелгі өркениет жәдігерлері мен таңбалы тастар туралы атап өтуді жөн көріп отырмыз.

Жалпы, Ғұлама ойшыл Ақжан Машанидың ежелгі дәуірге қатысты батыл ғылыми ойлар айтуы да кеңестік Қазақ Ғылым Академиясының мектебінен өтуі еді. Осыған дәлел ретінде бірнеше фактілерді алға тартатын болсақ, 1943 жылы «Торғай кенді алқабының құрылымы» тақырыбына кандидаттық диссертацияны, 1946 жылы зерттеп жүрген тақырып

аясында докторлық диссертацияны жоғары деңгейде қорғап, жаңадан шаңырақ көтерген ҚазССР Ғылым Академиясының «Жер ғылымы» бөлімшесінің тұңғыш корреспондент мүшесі болып сайланып, Ғылым Ордасының құрылтайшысы Ақжан Машани есімі осылайша тарихқа енді [3, 10 б.]. Осы академияда Әлкей Хақанұлы Марғұлан, Қаныш Имантайұлы Сәтпаев секілді ғалымдармен тығыз байланыс жасады. Осы турасында Ақжан Машанов «Зерде» ғылыми-көпшілік журналында жарық көрген «Қанышпен болған сапар» атты ғылыми мақаласында былайша өзектейді: «Бір айта кететін нәрсе, Қаныш менің геология саласында қазақша еңбек жазғандарымды ұнататын еді, соған көп көмек көрсетті. «Жер сыры» атты кітапқа алғысөз шығартудан бастап, Академия баспасынан менің бірнеше кітабым, бірнеше аудармалар, термин сөздіктерім шықты. Солардың бәріне ол кісі тікелей жәрдем беріп отыратын еді» [4, 20 б.]. Осы ретте, XX ғасырдың 40-жылдарынан бастап, Ақжан әл-Машани қаламынан туындаған бірнеше ғылыми еңбектер арнасы жарық дүние есігін ашты.

Профессор емес Фарабитанушы ғұлама ғалым Ақжан Әл-Машани қаламынан туындаған «Табу» атты бірегей ғылыми еңбегінде елімізде табылған көне мәдениет жәдігерлерін, яғни таңбалы тастарды әлемдік археологиялық зерттеулер нәтижесінде табылған артефактілермен салыстыруды мақсат етті. Осы ретте, Ақжан Әл-Машанидің таңбалы тастар турасындағы ғылыми зерттеулерге тоқталып өтейік. Қазақ халқы даналығында «Тасқа таңба басқандай» атты мәтел кездеседі. Бұл мәтелден аңғаратынымыз, тастағы таңбалардың ешбір жалғаны жоқ айқын шындық деген сөз. Яғни, шындық көзі тек таңбалы тастарда ғана қалды. Осы ойды тарқата келе, білікті геолог-маркшейдер Ақжан Машанов кен қазу тарихына шолу жасайды. Тарихи мұра – таңбалы тастардың бір түрі – кен тастары. Төрт-бес мың жылдар бұрын Жезқазғанның мыс кені, Алтай мен Арқаның алтын, күміс, қалайы, қорғасын, мыс, мырыш, темір және көмір кендері Алатаудың, Қаратудың қорғасын кендері қазылып, көптеген құнды жәдігерлер арнасы табылып табылған тасқа салынған таңбалар, ескерткіш мұралары сонау Сібірден Каспий жағасына дейін кең тарағандығы жөнінде атап өтеді [5, 29 б.].


А.Ж. Әл-Машани «Әлемдік археологияның соқпағымен» атты зерттеу жұмысында тасқа салынған таңбалар туралы атай келе, ең алдымен назар аудартатын нәрсе, жануарлардың, аңдардың суреті болып табылады. Таңбалы тастарда жылқы, сиыр, қой, ит, доңыз тәрізді мүшел жылына кіретін жануарлар суреті кездесетіндігі жөнінде атайды. Яғни, бұдан шығатын қорытынды, тасқа салған ерте заман суретіштерінің өз заманының ғалымы, астрономы болғандығы жөнінде ақпараттардың беретіндігі туралы ойды атап өтеді. Баршамызға белгілі, тастардағы жануарлар бейнесі, қазіргі жыл айыру мүшелдері болып табылады [2, 174 б.].

Осы ретте, тасқа салған таңбалардағы жануарлардың бірі – өгіз турасында ой тарқатуды жөн көріп отырмыз. Осы мәселе жан-жақты ашуда Ақжан Әл-Машани әлемдік археология ғылымы арқылы 1966 жылы жарық көрген «Библиейские холмы» атты еңбекті ерекше атайды. Бұл еңбекте ежелгі дәуірдегі құлаған қалалар орындары және зерттеу жұмыстарының нәтижелері аталып көрсетілген [2, 145]. Кейін, зерттеуші-ғалым Эрих Цереннің еңбегі 1986 жылы Мәскеудегі «Правда» баспасынан жарық көрді [6].

Ғұлама ғалым Ақжан Жақсыбекұлы ғылыми жұмыстарында Ескі Вавилония ескерткіштерін тоқталып өтеді. Солардың бірі ретінде, ежелгі әлемдік тарихтан белгілі Ур атты қаладан бірнеше құнды да таптырмас жәдігерлер табылды. Осы қала аумағындағы археологиялық ғылыми экспедицияны басқарып жүргізген Лондондағы Британия музейінің қызметшісі К.Томпсон, кейін Г.Р. Холл, басқарды. Кейіннен, бұл ғылыми экспедицияны 1922 жылы ағылшын археологы Л. Вулли бастаған Америка Құрама Штаттарының Пенсильвания университетіндегі музей қызметкерінен тұратын арнайы экспедициясы жалғастырады [2, 146 б.]. Осылайша, Ақжан Әл-Машани өз еңбегінде осы археологтардың ізімен ғажайып сыр тарихынан шертетін Ур қаласының храмынан табылған жәдігерлер турасында ғылыми тұжырымды ойларын қағаз бетіне түсірді. Солардың ішінде, аталмыш

тарихи храмдағы патша қабірінен табылған өгіз-арфа туралы тарихи-ғылыми талдау жасайды.

Ойшыл ғалымның аталмыш еңбегінде Урдағы патшаның қабірі күрделі құрылымды үлкен қазаншұңқыр бартын. Шұңқырдан диадем (әйелдер тәжі), маржан алқалар тағынған он шақты әйелдер табылды. Табылған қаңқалардың жанында алтын және піл сүйегімен безендірілген қымбат арфалар қалдығы табылды. Арфаны безендірген қымбат шытыра арасында бүркіт, қошқар, екі өгіз, өгіздің арыстанмен айқасы, адам-өгіздің мүйізінің бейнелері кездеседі. Ақжан Машановтың мәлімдеуінше мұнда діни сюжет көрініс тапқандығы жөнінде атап өтеді. Сондай-ақ, Арфадан мыстан жасалған өгіздің басы мен пластинка, ал басқа арфадан басын, көзін мен сақалын және мүйізінің ұштарын лазуриттен жасалған өгіздің басы сақталынған. Сонымен қатар, аталмыш қаладан табылған жәдігерлердің ішінде басы адам, денесі өгіз сияқты суреттер өте көп кездесетіндігін көрсетеді [7, 119-120 бб.]. Осы ретте, Ақжан Машанов Ур атты тарихи қаласынан табылған құнды жәдігерлерді бірлескен астрономия және музыка ғылымы салаларын көруімізге болатындығын атап өтеді.



а,б – Урдан табылған екі шумер музыка аспаптары қабымен, в – Өгіз басынан жасалған арфа [7, 149 б.]

Фарабитанушы Ақжан Әл-Машани Ур қаласынан тапқан жәдігерлердің астрономиялық және музыкалық ғылым салалары бойынша зерттеп зерделеген. Атап өтетін болсақ, арфаның басы – өгіз, ал басқа жақтары асыл тастардан, алтын-күмістен безендірілген. Яғни, ай мүйіз – тәжі ретінде, жерге жарық жаз көктемін әкелетіндігі және аталған арфада жеті шек орналасқандығын атай келе, ол жеті қат көкті, сондай-ақ, жеті нотаны көрсетеді [8, 142 б.]. Аталған ойды әрі қарай тарқата келе, арфадағы ай орағы өгіздің екі мүйізі ретінде Ай мен Үркердің тоғысқаны деп атап көрсетеді. Яғни, Ақжан Машанидың 1996 жылы «Заң» газетінде жарық көрген «Наурыздың үш мың жылдық тарихы бар» атты ғылыми мақаласында көктемгі Наурыз мерекесінің келгендігі жөнінде атап өтеді. Яғни, ежелден қазақ халқы, Наурызды «тоғыс» деп атады [9, 2 б.]. Осы ретте, Ақжан Машанов жоғарыда айтылған ойын қорытындылай келе: «Өгіз арфа жаңа жыл басының белгісі ретінде қасиетті құрал болған. Сол себепті, Өгіз арфаны барлық халықтардың космологиялық белгісі деп білеміз». Осы ғылыми тұжырымын дәйектей келе, Ақжан Машанов Әзірбайжанның ұлы ақыны Низами Гәнжауидің «Жеті ару» атты астрономиялық поэмасынан үзінді келтіреді:

«Көтерген Ай сұлуды Алып Өгіз,
Көктемде Аспан туы ол - Наурыз» [5, 16 б.]

Өгізге байланысты астрономия ғылымы саласы бойынша жыл мүшелеріне тоқталып кететін болсақ, әмбебап ойдың астарын жете түсінген Ақжан Әл-Машани «Мүшел басы – доңыз. Астрологиялық есептеу» атты мақаласында аспан ғылымын былайша негіздейді: «Ежелгі қыпшақ даласында жыл есептеудің 12 жылдық мүшесі болғаны мәлім. Олар: Хамал (Қошқар), Сәуір (Өгіз), Зауза (Егіз), Саратан (Шаян), Асад (Арыстан), Сүмбіле (Бикеш), Мизан (Таразы)..., соңғысы Хұт (Балық). Осының ішінде жалғыз Мизаннан (Таразыдан басқасы) тіршілік иелері...Наурыз бір заманда бір белдеу (зодик) жұлдызға дәл келсе, келесі бір заманда басқа жұлдыз тобына кезігеді. Ақжан Машанов аталған мақаласында жануарлар неше жылға «жыл басы» болып сайланады, «Наурыздың жылду жылдамдығы қандай» - осының өзі ұлыс есеп деп атап көрсетеді [10, 2 б.]. Бұл да астрономия ғылымы саласының бір негізі болып табылады.

Осылайша, Фарабитанушы ғұлама ғалымның ғылыми зерттеулері бойынша дәйектеген тұжырымдарынан Ур қаласынан табылған Өгіз арфаның астрономия және музыка ғылымының салалары бүгінгі күні ғылымда қажетті пәнаралық зерттеулердің негізіне септігін тигізе алады деген ойдамыз.

Жоғарыда айтылған ғылыми ойларымызды қорытындылай келе, ғұлама фарабитанушы-ғалым Ақжан Жақсыбекұлы Әл-Машанидің ғылыми мұралары тарихнамалық, деректемелік тұрғыдан және пәнаралық зерттеулерді қажет екендігін айта келе, фарабитанушы-ғалым Ақжан Жақсыбекұлының мына өлең жолдарымен өз ойымызды аяқтауды жөн көріп отырмыз:

«Бәрін білгім келеді
Деген екен жас талап.
Барымды бергім келеді
Дейді оған бұл кітап» [5, 22 б.].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Машанов А.Ж.. Шындық іздеген заман жетті. // Зерде. – 1994. - №5. 42 бет.
2. Әл-Машани А. Табу. – Алматы: «Алатау» баспасы, 2007 – 296 бет.
3. Машани А. Ақжан Машани ғибраты. 7-ші т. – Алматы: «Алатау» баспасы. 2007 – 266 б.
4. Машанов А.Ж. Қанышпен болған сапар. // Зерде. – 1999. - №2. – 19-20 б.
5. Әл-Машани Ақжан. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Алатау» баспасы, 2010. 15-том. Өгізханның қол таңбасы. – 352 б.
6. Эрих Церен. «Библейские холмы»: Правда. Москва; 1986.
7. Әл-Машани А. Әл-Фараби және бүгінгі ғылым. – Алматы: Алатау, 2007. – 224 бет.
8. Әл-Машани Ақжан. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алматы-Болашақ, 2011. 16-том.Әл-Фараби және музыка. – 416 бет.
9. Машанов А.Ж.. Наурыздың үш мыңжылдық тарихы бар. // Заң газеті. – 1996. – 20-26 наурыз.
10. Машанов А.Ж., Әбдіраман Ш.Ә. Мүшел басы - доңыз: Астрологиялық есептеу. / Ана тілі. – 1995. №8-10. – 22 наурыз.